



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

24.07.2023 № 01-03/93

№

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің «Мемлекеттік радиожилік
қызметі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына және 16-бабының 3-тармағына сәйкес, «Мемлекеттік радиожилік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін анықтау, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын алдын алу және оның салдарын жою мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 24 шілдесінен бастап 24 тамызы аралығында Кәсіпорын қызметтерінің барлық бағыттары бойынша 2022 жыл – 2023 жылдың 1 жартыжылдығы кезеңіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бас инспекторы Н.С. Баркитовке жүктелсін.

3. Кадр жұмысы және құжат айналымы бөлімі Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын осы бұйрықпен таныстырсын және ішкі талдау жүргізуге қажетті толық ақпарат пен мәліметтердің ұсынылуын міндеттесін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

А. Рахматуллин

Орынд: Н. Баркитов

№ 01-03/93

от 24.07.2023 г.

О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков в республиканском государственном предприятии на праве хозяйственного ведения «Государственная радиочастотная служба» Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан

В соответствии с п.5 ст.8 и п.3 ст.16 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18.11.2015 г. № 410-V ҚРЗ и в целях выявления коррупционных рисков, предупреждения коррупционных правонарушений и устранения его последствий в Республиканском государственном предприятии на праве хозяйственного ведения «Государственная радиочастотная служба» (далее - Предприятие),

ПРИКАЗЫВАЮ:

1. В период с 24 июля по 24 августа 2023 года провести внутренний анализ коррупционных рисков по всем направлениям деятельности Предприятия за период 2022 год – 1 полугодие 2023 года.

2. Проведение внутреннего анализа коррупционных рисков поручить главному инспектору Антикоррупционного комплаенса Предприятия Баркитову Н.С.

3. Отделу кадровой работы и документооборота ознакомить с настоящим приказом руководителей структурных подразделений Предприятия и обязать предоставление необходимой полной информации и сведений для проведения внутреннего анализа.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

Директор



А. Рахматуллин

Исп: Н. Баркитов

«Мемлекеттік радиожилік қызметі» ШЖҚ РМК-да жүргізілген сыбайлас
жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау нәтижелері бойынша
Талдамалық анықтама

2023 ж. 24 тамыз

Астана қ.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожилік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (әріқарай – Кәсіпорны) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Кәсіпорны директорының 2023 жылғы 24 шілдедегі №01-03/93 Бұйрығының негізінде және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8 б. 5 т., 16 б. 3т., сондайақ ҚР Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары», 2021 жылы 7 сәуірде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстарына» сәйкес жүргізілді.

1. Ішкі талдау нысаны - Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсіп министрлігінің «Мемлекеттік радиожилік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттарда жүргізілді:

- 1) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нысаны қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілер мен ішкі құжаттарын талдауы;
- 2) Кәсіпорны ұйымдастыру – басқару қызметіндегі тәуекелдерді талдау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген: Кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бас инспекторы Н.С. Барқытов.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі мерзім аралығында жүргізілді: 2023 жылдың 24 шілде – 24 тамыз.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №01-03/93 2023 жылғы 24 шілдедегі Кәсіпорны директорының Бұйрығы.

Ішкі талдау жүргізу мақсаттары:

- Кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- талдау нысанының қызметін реттейтін нормативті-құқықтық және ішкі нормативті құжаттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасына сәйкестігі;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы нормаларының сақталынуын қамтамасыз ету.

Талдау кезеңі: 2022 жыл – 2023 жылдың 1 жартыжылдығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау бойынша алдында жүргізілген шаралар туралы мәліметтер: Сыбайлас тәуекелдеріне ішкі талдау алғашқы рет 2022 жылы 6 сәуірден 27 сәуір аралығында жүргізілді, 2021 жыл мен 2022 жылдың 1 тоқсан кезеңін қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нысанының басшылығы және штаттық саны туралы деректер:

Кәсіпорны Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік радиожилік қызметінің кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 23 ақпандағы қаулысымен құрылды. Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылы 3 наурыздағы №13-жбұ Бұйрығымен «МРҚ» РМК директорының м.а. болып Сейсекенов Р.С. тағайындалады. Ал 2018 жылы 5 сәуірдегі Ақпарат және коммуникациялар министрінің №20-жбұ Бұйрығымен «МРҚ» РМК директоры болып Нұршабеков Р.Р. тағайындалды.

2018 жылдың 3 наурызда «МРҚ» РМК директорының № 01-1-07/1 бұйрығымен Кәсіпорынның алғашқы құрылымы мен штаттық кестесі бекітіледі. Кәсіпорынның алғашқы штаттық саны 216 бірлікті құрап, қызметкерлердің нақты саны 196 жұмыскерді құрады, бос жұмыс орындардың саны – 20 бірлік болды. Кәсіпорынның келесі ұйымдық құрылымы Кәсіпорын директорының 2022 жылғы 25 ақпандағы №03-1-07/2 бұйрығымен бекітілді, жұмыскерлердің штаттық саны 223 бірлікті құрады.

2023 жылдың 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің №3-Ж/Қ бұйрығымен Кәсіпорны директоры болып Рахматуллин А.Т. тағайындалды.

Кәсіпорында қайта құру шаралары жүргізіліп соңғы құрылымы мен штаттық кестесі «МРҚ» РМК директорының 2023 жылғы 31 мамырдағы № 03-1-07/2 бұйрығымен бекітілді. 2023 жылғы 24 шілдедегі жағдай бойынша Кәсіпорынның штаттық саны – 220, жұмыскерлердің нақты саны – 181, бос лауазымдар саны – 39.

Кәсіпорын туралы жалпы деректер:

«Мемлекеттік радиожилік қызметі» ШЖҚ РМК шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады және «Мемлекеттік радиожилік қызметінің кейбір мәселелері туралы» құрылтайшының - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 ақпаныдағы №78 қаулысына сәйкес құрылды. Кәсіпорынды басқаратын уәкілетті мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болып танылады.

«МРҚ» РМК Жарғысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасы м.а. 2018 жылғы 2

наурыздағы №233 бұйрығымен бекітілді. 2018 жылы 3 наурызда кәсіпорын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуін өтті. Кәсіпорынды басқару жөніндегі уәкілеттілік мемлекеттік органның атауын өзгертуіне байланысты 2019 жылы 12 сәуірде және 6 тамызда заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркелуі өткізілді, соған байланысты Кәсіпорын Жарғысына уәкілетті органмен бекітілген өзгертулер мен жаңартулар енгізілді.

Кәсіпорынның негізгі мақсаты «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы заңымен орнатылған байланыс саласындағы мемлекеттік монополиясына жататын қызметтерді жүзеге асыру болып танылып, келесі қызмет түрлерін іске асырады:

1) халықтың теле-, радиоарналарды қабылдауы сапасын қоса алғанда, көрсетілетін байланыс қызметтері сапасының параметрлерін өлшеу жөніндегі жұмыстарды орындауды, сондай-ақ радиожиилік спектрінің, радиоэлектрондық құралдардың және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылардың мониторингін;

2) радиоэлектрондық құралдардың және радиожииліктерді иелікке берудің тізілімін (дерекқорын) жүргізуді және Қазақстан Республикасының елді мекендерінде байланыс желілерінің болуы және байланыс сапасын бақылау нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын интернет-ресурсты (телекоммуникациялардың цифрлық картасы) техникалық қамтамасыз етуді;

3) радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізуді;

4) радиожииліктер ресурстарын және орбиталық позицияларды халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық қолдап отыруды;

5) ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары сәйкестендіру кодтарының дерекқорын және абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыруды, олардың жұмыс істеуін, оларды қолдап отыруды және дамытуды қамтамасыз етуді, оларға қолжетімділік беруді;

6) телерадио хабарларын тарату желілерінің жиілік-аумақтық жоспарын келісуді, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату желілері үшін радиожииліктерді іріктеу мен қолдап отыруды жүзеге асырады.

Өз қызметінде Кәсіпорын төменде көрсетілген нормативті-құқықтық актілерді және ішкі нормативті құжаттарды қолданады.

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нысаны қызметін реттейтін нормативті - құқылық актілер мен ішкі құжаттарында анықтау.

Талдау барысында кәсіпорынның қызметіндегі бөлек процесстерді реттейтін негізгі НҚА, Жарғы және ІНҚ қаралды.

Негізгі НҚА-да: "Мемлекеттік мүлік туралы", "Байланыс туралы", "Телерадио хабарларын тарату туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" және т.б. Қазақстан Республикасының заңдарында, кәсіпорынның уәкілетті тұлғаларының шешім қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлық құрамы ықтимал болу мүмкіндігі ретінде дискрециялық өкілеттіктерін белгілейтін нормалар

толық анықталған. Оларда уәкілетті тұлғалардың тиіссіз мінез-құлқын, оның ішінде сыбайлас жемқорлықты туындататын дискрециялық өкілеттіктерді қолдану өлшемшарттары жоқ және шекаралар нақты айқындалған.

Кәсіпорын Жарғысында әрбір органның құзыреті мемлекеттік мүлік туралы заңнамаға сәйкес келеді. Кәсіпорын органдарының өз еркімен шешім қабылдауға мүмкіншілік беретін немесе жеке және заңды тұлғаларға өз құқықтарымен заңды мүдделерін іске асыру кезінде шектеулер қоятын нормалар анықталмады.

2022 жылдың қаңтар айынан 2023 жылдың I жартыжылдығы кезеңінде Кәсіпорында бекітілген ішкі нормативтік құжаттар тізімі:

- Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожилік қызметі» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жұмыскерлер санының нормативтері (06.05.2022 ж. № 01-4/65 бұйрықпен бекітілді);

- Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожилік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры мен оның орынбасарлары арасында лауазымдық міндеттерді бөлу (30.06.2022 ж. № 01-4/85 бұйрықпен бекітілді, қазіргі уақытта 25.07.2023 ж. № 01-03/98 бұйрықпен күшін жойған);

- Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожилік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны директорының және директордың орынбасарларының біліктілік талаптарын және лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту туралы (01.07.2022 ж. № 01-4/88 бұйрықпен бекітілді, қазіргі уақытта күшін жойған. Қолданыстағы нұсқасы 25.07.2023 ж. № 01-03/98 бұйрықпен бекітілді);

- Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожилік қызметі» ШЖҚ РМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (01.11.2022 ж. № 01-4/120 бұйрықпен бекітілді);

- «Мемлекеттік радиожилік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жұмыскерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа және коммерциялық пара алуға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (18.11.2022 ж. № 01-4/122 бұйрықпен бекітілді);

- «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожилік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының біліктілік талаптарын бекіту туралы» 2020 жылғы 10 ақпандағы № 01-4/7 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы (06.04.2023 ж. № 01-4/53 бұйрықпен бекітілді (кейін 29.06.2023 ж. № 01-4/82 бұйрықпен күші жойылды);

- Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын ұйымдастыру және оның жұмысы жөніндегі № 1 келісім және Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожілік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы туралы ереже (12.01.2023 ж. № 01-4/9 бұйрықпен бекітілді);

- Әкімшілік ғимаратқа кіру/шығу үшін электрондық рұқсаттамаларды пайдалану бойынша қағидалар (27.02.2023 ж. № 01-4/38 бұйрықпен бекітілді);

- «МРҚ» РМК Біліктілік талаптары туралы ережесі (29.06.2023 ж. № 01-4/82 бұйрықпен бекітілді);

- «МРҚ» РМК құрылымдық бөлімшелерінің ережелері (29.06.2023 ж. № 01-4/83 бұйрықпен бекітілді);

- «МРҚ» РМК жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары (29.06.2023 ж. № 01-4/84 бұйрықпен бекітілді).

Сонымен қатар, Кәсіпорын басшысының жұмысшыларды қабылдау, жылжыту және шығару туралы объективсіз шешім қабылдауға жол беруі ықтималдығын ескере отырып конкурстық процедураларды немесе сол мақсаттарға құрылған алқалы органның қолданылуы орынды болар еді.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін Кәсіпорнының ұйымдастыру-басқарушылық қызметінде анықтау

Қаралып жатқан кезеңде кәсіпорынның ұйымдастыру-басқарушылық қызметін талдауға келесі бағыттар алынды:

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысымы

2022 жылдың қаңтар айынан бастап 2023 жылдың I жартыжылдығы кезеңінде Кәсіпорында:

- 2022 жылы 25 жұмыскер, 2023 жылдың I жартыжылдығында 9 жұмыскер қабылданды, жалпы – 34 жұмыскер;

- 2022 жылы 25 жұмыскермен шарт бұзылды (оның ішінде: басқа жұмысқа ауысқаны – 17, зейнетке шыққаны – 4, басқа қалаға көшкені – 2, денсаулығы бойынша – 2), 2023 жылдың I жартыжылдығында 15 жұмыскермен шарт бұзылды (оның ішінде: басқа жұмысқа ауысқаны – 4, басқа қалаға көшкені – 3, өз еркімен – 5, штат санының қысқаруына байланысты – 3), жалпы – 40 жұмыскермен;

- 2022 жылы 45 ішкі лауазым ауысымы болды (оның ішінде: жоғары лауазымға – 37, төмен лауазымға – 2, тең дәрежелі лауазымға – 6), 2023 жылдың I жартыжылдығында 5 ішкі лауазым ауысымы болды (оның ішінде: жоғары лауазымға – 4, төмен лауазымға – 1), жалпы – 50 ауысым.

Талдау кезеңінде еңбек тәртібін бұзушылық болмаған, жағымсыз себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ. Тәртіптік жаупкершілікке тарту бойынша 4 факті тіркелді (К.У. Ақмағамбетовке 08.04.2022 ж. № 03-1-08/54 бұйрықпен - ескерту, Е.А. Бауманға 08.04.2022 ж. № 03-1-08/54 бұйрықпен – ескерту, Е.Е. Кокановқа 15.06.2023 ж. № 03-1-08/77 бұйрықпен – сөгіс, Д.М. Кокжановқа 15.06.2023 ж. № 03-1-08/77 бұйрықпен – сөгіс берілді). Алайда, 3 қызметкер лауазымынан төмендетілген, 41 қызметкер құрылым

бөлімдерінің басшыларының ұсынысы бойынша жоғарғы лауазымға ауыстырылған.

Қызметкерлердің қылмыстық және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жауапкершілікке тартылған фактілері талдау кезеңінде болмаған.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 126-тармағының шеңберінде жіберген 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 1-1-8/3349 хатындағы тапсырмасында барлық мемлекеттік қызмет органдарында және квазимемлекеттік секторларда сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғалардың жұмыс істеуіне тыйым салынғаны бойынша қолданыстағы заңнаманың орындалуы туралы тексеріс жүргізуді талап еткен болатын. Алайда, ондай тексерістер сотталғандық туралы анықтамалар арқылы емес, ҚР Бас прокуратурасының жанындағы ҚСЖАЕК «Арнайы есептер» АЖ арқылы жүргізілуі қажет делінген. Өкінішке орай, Кәсіпорнында «Арнайы есептер» АЖ арқылы жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағандығы туралы тексерістер жүргізілмеген, жұмыскерлердің өздері ұсынған анықтамаларды қабылдап.

Осыған орай, кадр қызметі ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетіне хат жолдап (2021 ж. 16 сәуірдегі шығ. №03-1-03/569) «МРҚ» РМК жұмыскерлерінің тізімін тексеру үшін жіберілген болатын. Бірақ, олар тексеруден бас тартып жауабында (2021 ж. 19 сәуірдегі шығ. №2-20-21-03685) «Арнайы есеп» Ақпараттық жүйеге кіру мүмкіншілігі ҚР ЦДИЖАӨ министрлігіне берілгенін хабарлап қажетті тексерістерді тікелей Министрлікте өткізуге болады деп ұсыныс жасады. 2022 жылы Министрлік тарапынан екі «Есептік жазба» жіберіліп «Арнайы есептер» АЖ кіру уақытша мүмкіншілігі берілген. Қазыргы таңда Кәсіпорын жұмыскерлерін, қабылдауға үміткерлердің сотталғандығы туралы тексеру жүргізу мүмкіншілігі жоқ, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалықтың талаптары орындалмай жатыр.

Ішкі талдау барысында Кәсіпорнындағы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың (директор, орынбасарлары, бас бухгалтер) жеке істері тексерілді. Министрліктің номенклатурасы болғандықтан жеке істердің түпнұсқалары министрліктің кадр қызметінде сақталады, ал Кәсіпорындағы кадр қызметінде жеке істердің көшірмелері болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12 бап 3 тармағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға теңестірілген тұлғалардың келісімін тиісті ұйымдардың персоналды басқару қызметтері (кадр қызметтері) жазбаша нысанда тіркейді. Жоғарыда көрсетілген лауазым иелерінің жеке істері көшірмелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімдері немесе оның көшірмелері кадр қызметінде тіркеліп тігілмеген.

Осы Заңның 11 бап 3 тармағында кірістері мен мүлкі туралы декларацияны мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалар мен олардың жұбайлары (зайыптары)

ұсынады. Қаралған жеке істерде директордың орынбасарлары жұбайларының декларация тапсырғандығы туралы анықтамалары жоқ.

Кәсіпорны қызметінде тұрақты түрде келесі алқалы органдар жұмыс атқарады:

Өткен жылдың Талдамалық анықтамасында көрсетілгендей, Келісім комиссиясы 2019 жылы 16 қаңтарда құрылды – жеке еңбек дауларын қарайтын келісім комиссиясының жұмысы мен ұйымдастыруы туралы №1 Келісімге қол қойылып ҚР ЕК сәйкес әзірленген Ереже бекітілді. Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын ұйымдастыру және оның жұмысы жөніндегі № 1 келісім және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожілік қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы туралы ереже 2023 ж. 12 қаңтарда № 01-4/9 бұйрықпен бекітілді.

2020 жылы 5 қарашадағы № 01-4/103 Кәсіпорны директорының бұйрығымен Бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктейтін 8 адам және комиссия хатшысы құрамды комиссия құрылды. Алдында, 2020 жылы 20 ақпандағы №01-4/14 бұйрықпен Бос лауазымға орналасуға конкурс жүргізу ережесі бекітілген болатын, оның 3 бабында Ереженің күші қызметкерлерді ішкі ресурстардан іріктеу және жұмысшыларды Кәсіпорны директорының бұйрықтарымен аудару-жылжыту жағдайларына тарамайды делініп, басшыларға өз еріктерімен бос лауазымдарға тұлғаларды тағайындауға құқық береді. Ереженің бұл нормасы дискреттік мүдделер белгілерін құрайды, яғни сыбайлас жемқорлық факторын құрайтын лауазымды тұлғаның өз еркімен атқаратын мүдделер болып танылады.

Ұжымдық шарт – жұмысшылардың өкілдері мен жұмысберуші арасында жасалатын кәсіпорындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін жазбаша түрде келісілген құқықтық акт, Кадр жұмысы және құжат айналымы бөлімінің мәліметтеріне орай Кәсіпорнында болмаған, яғни жасалмаған, РМК Жарғысының 47 б. кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы қарымқатынастар Еңбек кодексі мен Ұжымдық шартына сәйкес белгіленеді делінген. Алайда, 2023 жылы мамыр айында Министрлік тарапынан жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит 2022 жылғы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау талдамалық анықтамасымен танысып көрсетілген Ұжымдық шарт жоқтығын өз 2023 жылы 12 мамырдағы №3 аудиторлық есебіне енгізіп оның әзірленіп қабылдануын талап етті. Соның негізінде Кәсіпорнында жұмыс тобы құрылып Ұжымдық шарт әзірленіп жатыр.

Талдау кезеңінде Кәсіпорнында алқалы органдардың отырыстары, немесе қандай бір басқада жұмыстар жүргізілмеген.

Кәсіпорында жылдық даму жоспарын құрастырғанда жұмысшылардың кәсіби дайындық жөніндегі жоспарлық шараларды іске асырады. 2022 жылдың 2022 жылдың қаңтар айынан 2023 жылдың 30 маусымына дейін 2

жұмыскер біліктілігін жоғарлатып сертификаттары жұмыскерлердің жеке ісіне қосылған.

Көрсетілген кезеңде Кадр жұмысы және құжат айналымы бөлімінің мамандарымен enbek.kz еңбек шарттарын есептейтін бырынғай жүйеге мәліметтер еңгізілді, сотталғаны (сотталмағаны) туралы анықтамаларды жинақтау жұмысы жүргізіледі. Атқарылатын лауазымға қойылған шектеулерді анықтау бойынша жұмыс жүргізілмеген. ҚР БП ҚСЖАЕК порталы бойынша қызметкердің сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары анықталмаған.

Талдамалық кезеңде Кәсіпорны Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және Үкіметтің 2021 жылғы 31 мамырдағы №358 қаулысымен бекітілген Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларының "Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл" №4 Үлгілік базалық бағыты (бұдан әрі – №4 ҮББ) негізінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі төрағасымен бекітілген "Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл" №4 ҮББ атқарылу нұсқаулығында көрсетілген "Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу" №4 Жобалар тобының "Квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамыту" 1-ші Жобасын басшылыққа ала отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмысын жүргізді. Кәсіпорнында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес, нормаларына қарсы келмейтін, керісінше сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалыққа толыққанды сай келетін және нақты мемлекеттік кәсіпорнында іске асыру механизмын белгілейтін құжаттар әзірленіп бекітілді:

- РМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (2019 жылы 9.12. №01-4/99 бұйрығымен бекітілді);

- РМК жұмыскерлерінің этикасы мен қызметтік мінез-құлқы кодексі (2018 жылы 03.03. №01-4/5 бұйрығымен бекітілді);

- Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Мемлекеттік радиожиилік қызметі» ШЖҚ РМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (01.11.2022 ж. № 01-4/120 бұйрықпен бекітілді);

- «Мемлекеттік радиожиилік қызметі» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жұмыскерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа және коммерциялық пара алуға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (18.11.2022 ж. № 01-4/122 бұйрықпен бекітілді).

Талқылау кезеңінде кәсіпорнының персоналымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалықтың нормаларының орындалуын қамтамасыз етілуі және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу бойынша белгілі жұмыстар жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалықтың қолдану тиімділігін асыру және әріғарай дамыту бойынша қабылданып жатқан шараларға сай Кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі енгізіліп

кәсіпорны құрамында 2021 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сектор құрылған, оның Ережесі, бас маманның лауазымдық міндеттері бекітіліп, конкурстық негізде жұмыскер қабылданып еңбек шарты жасалған.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы үлгілік ережені (бұдан әрі – Үлгілік ереже)» басшылыққа ала отырып Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс (әрі қарай-Комплаенс) туралы жаңа ережесі (бұдан әрі-Ереже) әзірленіп 2023 жылдың 30 мамырдағы Кәсіпорын директорының м.у.а. №1-4/68 бұйрығымен бекітілді.

Кәсіпорында мамыр – маусым айларында бір қатар қайта ұйымдастыру кадрлық өзгерістер болып, нәтижесінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс секторы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бас инспекторы болып аталды.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысы деп жұмыскердің жеке мүдделері олардың өз еңбек міндеттерін орындамауына немесе тиісті орындамауына әкелуі мүмкін және осындай жеке мүдделілік пен Кәсіпорынның заңды мүдделері арасында қайшылықтың туындауына әкелетін немесе әкелуі мүмкін, жұмыскердің жеке мүдделері арасындағы қайшылық немесе Кәсіпорынның заңды мүдделеріне және іскерлік беделіне зиян келтіруі ықтимал қайшылықтардың туындау қаупі болып танылады. Кәсіпорнында мүдделер қақтығысының реттеу принциптері, уақтылы анықтауы және алдын алуы жоғарыда көрсетілген Кәсіпорны Этика және қызметтік мінез-құлқы кодексінде орын алды.

"Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл" №4 Үлгілік базалық бағытының (бұдан әрі-ҮББ №4) "Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу" №4 Жобалар тобының "Квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамыту" 1-Жобасының "Мекемедегі мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатын әзірлеп бекіту, және жылсайынғы жаңарту" 4-Міндетіне сәйкес Кәсіпорнында мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеуге арналған саясаты (бұдан әрі- Саясат) әзірленіп ағымдағы жылдың наурыз айында келісіліп бекітуге жіберілген болатын, бірақ бекітілмей қалды.

3) Қабылданған қызметкерлердің Кәсіпорнының басшылығымен, және мемлекеттік сатып алу барысында лауазымды тұлғалардың аффилиирленуі.

Өткен талдамалық кезеңде Кәсіпорнында жақын туыстығы бар, бір құрамдылық бөлімшеде, тікелей бағыныштағы жұмыскерлер еңбек атқаратын. Яғни, Жұмабаев Е.К. - Техникалық мониторинг департаментінің Радиомониторинг жүйелерін пайдалану қызметінің бастығы болса, оның жұбайы Жұмабаева А. – Техникалық мониторинг департаментінің Өңірлік

қолдап отыру бөлімінің жетекші инженері. Өміров Е.М. – Радиожиілік спектрді ұлттық және халықаралық реттеу департаменті бастығының орынбасары болса, жұбайы Рақымбаева М. – сол Департаменттің Радиожиілік спектрін жоспарлау Қызметінің Құрғылықты-жылжымалы секторының инженері. Дегенмен, бұл жұмыскерлер санатына заңнамамен, оның ішінде ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы» Заңында, қаралған шектеулер таратылмасада мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдай болып танылады. Алайда, талдамалық кезеңде көрсетілген мүдделер қақтығысы реттеліп жойылды.

Тікелей бағыныштағы тұлғалардың және мемлекеттік сатып алулар процедураларына жауапты құрылымдық бөлімшенің, директормен және кәсіпорнынның басқа лауазымды тұлғалармен аффилииргені анықталмады.

Кадр жұмысы және құжат айналымы бөлімінде қызметтік лауазымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес регламенттеуі қаралмаған.

Алайда, заңға сәйкес қаржы бақылау шаралары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғаларға тарайды. Оларға жататыны - мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам, яғни көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам.

Ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар - қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық.

Әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты байланыс саласындағы мемлекеттік монополияға жататын қызмет түрлерін жүзеге асыру болып табылады, сондықтан ұйымдастыру-басқарушылық қызметінде бақылау-қадағалау функцияларымен ақылы қызмет көрсету қарастырылған. Мемлекеттік монополияға жататын қызмет түрлерін жүзеге асырылатын қызметтердің тарифтары мен бағалары мемлекеттік басқару уәкілетті органымен бекітіледі. Кәсіпорнымен атқарылатын жұмыстар мен қызметтер уәкілетті органның тапсырмалары бойынша қатаң түрде жүргізіледі, сондықтан кәсіпорны жұмысшыларының контрагенттермен тікелей

қатынастары болмағандықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайды. Кәсіпорны Жарғысында бекітілген қызметтер көрсетуге және негізгі мақсаттарына сай емес мәмілелерге келуге құқылы емес.

Сонымен қатар, кейбір сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін, мысал мемлекеттік сатып алуларға қатынасты. 2023 жылдың сәуір айында Байланыс сапасын бақылау департаменті ұсынысы негізінде Мемлекеттік сатып алулар бөлімімен Өлшеу құралдарының зерттеу қызметін бағалы ұсыныстар сұранымы тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу процедурасы өткізілді. Мемлекеттік сатып алудың қорытындысы нәтижесінде «Profit-Up» ЖШС жеңіске жетіп онымен Кәсіпорын 2023 жылы 7 мамырда жалпы 3 917 760 теңге құрайтын 3 келісім шарттарға тұрады. 2023 жылы 26 маусымда аталған Серіктестік көрсетілген қызметтердің техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келмегендіктен жасалған шарттар Кәсіпорны тарапынан бұзылды. Енді, тексере келгенде «Profit-Up» ЖШС құрылтайшысы Полубинский С.Л. Астана қаласының тағы екі жекеменшік субъектісінің иесі болып шықты, тексеру зертханалары мүлдем болмаған, метрологияға қатысы мүлдем жоқ, тек қана сату-саттылықпен айналысатын мекемелер болып шықты. Енді, Полубинский С.Л. өзінің өлшеу зертханалары болмай тұрып не себептен Кәсіпорнының мемлекеттік сатып алуларына қатысты, көрсетілген қызметті қалай орындамақшы болды деген сұрақтар туындайды. Бұл жағдай Радиомориторинг департаментінің жұмыскерлерімен әшкереленіп Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің қатысуымен келісім шарттың біржақты мерзімнен тыс бұзу бойынша жұмыс жүргізілді. Егерде шарт дер кезінде бұзылмағанда мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін болушы еді.

Потенциалды сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жүктелген функцияларды іске асыру барысында Әкімшілік жұмыстар департаменті қызметтерінің мемлекеттік сатып алу процедуралары арқылы ғимараттар мен бөлмелерді жалға алу, заттар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға байланысты қызметтерінде де бар.

Сонымен, талқылау кезеңінде, жоғарыда көрсетілген ішкі мемлекеттік аудиттың 2023 жылы 12 мамырдағы №3 аудиторлық есебінде Кәсіпорнындағы бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуіне және қаржылық есеп сенімділігіне, мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасының сәйкестігіне аудит жүргізіліп қандай бір сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтар анықталмағаны мәлімделінген және толыққанды баяндалған.

Кадр жұмысы және құжат айналымы, бухгалтерлік есеп бөлімдерінің ақпараты бойынша талқылау кезеңінде Кәсіпорнының қаржы-шаруашылық қызметтеріне, кадр қызметіне, құрылымдық, аймақтық бөлімшелерде басқа тексерістер, ревизиялар, жүргізілген жоқ, құқыққорғау органдарынан сұраныс хаттар келіп түскен жоқ.

Кәсіпорнына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың шағым арыздарын қарастыру нәтижелеріне мониторинг жүргізу барысында кадр

жұмысы жіне құжат айналымы бөлімінде тіркелген жеке және заңды тұлғалардың арыздардың басым көпшілігі көрсетіліп жатқан қызметтер бойынша, яғни: шартқа және техникалық сипаттамаларға қатысты антенналық фидерлік құрылғыны орнату/орнатпау жөнінде, абоненттік номерлердің қате тіркеулеріне байланысты, абоненттік базасындағы абоненттің мәртебесіне қатысты, абоненттік нөмірлердің орталық дерекқорында артық абоненттік нөмірлерді түзету және жою туралы өтініш, байланыс операторлары мен тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым иелері арасындағы құқықтық қатынастарға қатысты, байланыс қызметінің сапасына қатысты. Жоғарыда аталған арыз хаттар бойынша заңмен көрсетілген мерзімдерінде арызданушыларға дәлелденген жауаптар ұсынылып жіберілген.

Арызданушылардың сыбайластық белгілері бар заң бұзушылыққа қатысты, жұмыскерлерді жауапкершілікке тартуын талап ететін, қызметтік тексеріс немесе тергеу жүргізілуіне негіз болатын шағымдар тіркелмеген.

3. Қорытынды

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат:

1) Кәсіпорнындағы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың (директор, орынбасарлары, бас бухгалтер) жеке істерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімдері кадр қызметінде жазбаша түрде тіркелмеген, директордың орынбасарлары жұбайларының декларация тапсырғандығы туралы анықтамалары жоқтығы .

2) Кәсіпорнында «Арнайы есептер» АЖ арқылы жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағандығы туралы тексерістер жүргізілмеуі.

3) Кәсіпорнының тәжірбиелік қызмет көрсету барысында жұмыскерлерді қабылдау, жылжыту және шығару жағдайларда объективтілікті сақтамау ықтималдығы бар. Алқалы органдардың қызметін нақты жүргізу.

4) Кәсіпорнының контрагенттерімен тікелей қатынастары бар жекеленген құрылымдық бөлімшелердің қызметінде жеке мүдделілік тәуекелі болуы мүмкін, олар:

- Әкімшілік-шаруашылық бөлім, Мемлекеттік сатып алулар бөлімі – мемлекеттік сатып алулар жөніндегі келісім шарттарды жасасу және сүйемелдеу, қызмет көрсетушіден заттарды, жұмыстарды және қызметтерді қабылдау кездерінде, мемлекеттік сатып алулар электронды веб-порталында уақытында бір көзден жасалған мемлекеттік сатып алу келісім шарттар туралы есептерді жүктемеуі;

- Кәсіпорнының департаменттерінің қызметтерінде – бақылау қадағалау функцияларын атқару үшін жұмысшыларын іссапарға аттандырған жағдайларда;

- Өңірлік бөлімшелер – орындарда бақылау рұқсат беру функцияларын атқару кезінде.

5) Кәсіпорнында жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарастыру кезінде қызметтік тексеріс/тергеу жүргізу тәртібі реттелмеген.

6) Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеуге арналған құжаттың жоқтығы.

7) Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бөлімін мерзімді жаңартылмауы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға арналған ұсыныстар:

1) Кәсіпорнындағы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың (директор, орынбасарлары, бас бухгалтер) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімдері жазбаша түрде тіркеліп және директордың орынбасарлары жұбайларының декларация тапсырғандығы туралы анықтамалары жеке істеріне тігілсін.

2) Кәсіпорнында «Арнайы есептер» АЖ арқылы жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағандығы туралы тексерістер тәртібі ҚР ЦДИАӨ министрлігімен реттеліп бекітілсін.

3) Нормаларды қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын басшылығының қарастыруына алқалы органдарының қызметін, жұмысшыларды қабылдау, жылжыту және аттестаттау тәртібін реттейтін ішкі нормативті құжаттарды енгізу.

4) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ықтималдық білдірген құрамдылық және өңірлік бөлімшелердің қызметіндегі тәуекелдердің алдын алатын ұсыныстарды қалыптастыру, алдыңғы кезеңге шаралар жоспарын жасаумен бірге.

5) Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеуге арналған құжаттың әзірленіп қабылдануын қамтамасыз ету.

6) Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіп қалыптастыру және мүдделер қақтығысын алдын алу мақсатында келесі сұрақтарды қарастыру:

- лауазымды тұлғалардың әртүрлі сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне үшін жауапкершілікке қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын кәсіпорын ішкі құжаттарына толықтырулар енгізу;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын орындалуы және біліктілігін анықтау үшін бос лауазымдарға орналасуға үміткерлермен, лауазымдарға тағайындалғандар және жылжығандармен әңгімелесу және нұсқаулық жүргізу;

- сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық белгілері бар жеке және заңды тұлғалардың шағымдары және жұмыскерлердің іс-қимылдары бойынша қызметтік тексеріс не тергеу жүргізілудің міндеттілігін бекіту;

- кәсіпорын ресми интернет-ресурсындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бөлімін мерзімді жаңартылуы.

Кәсіпорнының қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауының нәтижелері бойынша **ҰСЫНАМЫН:**

1. Талдамалық анықтаманы «Мемлекеттік радиожилік қызметі» ШЖҚ РМК директорының қарастыруына енгізу.
2. Кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауының нәтижелерін кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастыру.

Анықтаманы құрастырған:

«МРҚ» РМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс бас инспекторы



Н. Барқытов

**Таныстым
КЕЛІСЕМІН**

«Мемлекеттік радиожилік қызметі»
ШЖҚ РМК директоры



А. Рахматуллин

2023 жыл «24» тамыз

Аналитическая справка

по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков в РГП на ПХВ
«Государственная радиочастотная служба»

24 августа 2023 г.

г. Астана

